

1-бап

1. Тараптар осы Келісімде көрсетілген өз міндеттемелерін тең құқылық және өзаралық қағидатына сәйкес орындайды.

2. Тараптар осы Келісімді халықаралық құқық нормаларына, Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес және өздеріне қабылдаған халықаралық міндеттемелер шеңберінде қолданады.

2-бап

Осы Келісімді іске асыру жөніндегі Тараптардың уәкілетті органдары мыналар болады:

қазақстандық Тараптан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
әзірбайжандық Тараптан - Әзірбайжан Республикасының Қорғаныс министрлігі.

3-бап

1. Тараптар ынтымақтастықты әскери қызметтің мынадай салаларында жүзеге асырады:

1.1. Қорғаныс саясаты.

1.2. Әскери-экономикалық қызмет.

1.3. Әскери-техникалық қызмет.

1.4. Кадрларды даярлау.

1.5. Армиядағы қоғамдық және мәдени-спорттық жұмыс.

1.6. Әскери заңнама және заң көмегі.

1.7. Әскери-ғылыми қызмет және әскери тарих.

1.8. Әскери медицина.

1.9. Сенім мен қауіпсіздікті нығайту жөніндегі шаралар.

1.10. НАТО-ның "Бейбітшілік жолындағы әріптестік" және "Талдау және жоспарлау процесі" бағдарламалары шеңберіндегі іс-шараларда бірлескен іс-қимылдар.

1.11. Бейбітшілікті қолдау және ізгілік көмек көрсету жөніндегі операцияларды өткізу мәселелері бойынша консультациялар.

1.12. Қару-жаракты бақылау және жаппай қырып-жою қаруын таратуды болдырмау жөніндегі бірлескен іс-қимылдар.

1.13. Терроризмге қарсы бірлескен күрес.

2. Ынтымақтастықты іске асыру барысында Тараптар ынтымақтастықтың жаңа салаларын айқындайтын және дамытатын болады.

3. Санамаланған қызмет салаларындағы ынтымақтастықтың нақты бағдарламаларын іске асыру мақсатында Тараптар жекелеген келісімдер жасасуы мүмкін.

4-бап

Тараптар арасындағы ынтымақтастық мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

- 1.1. Тараптардың уәкілетті органдары басшыларының ресми сапарлары.
- 1.2. Тараптардың уәкілетті органдары делегацияларының кездесулері мен өкілдерінің жұмыс мақсатындағы кездесулері.
- 1.3. Тәжірибе алмасу және консультациялар өткізу.
- 1.4. Оқу жобаларына, тағылымдамаларға, біліктілікті көтеру курстарына қатысу.
- 1.5. Әскери жаттығуларға өзара қатысу.
- 1.6. Конференциялар мен семинарларға қатысу.
- 1.7. Құжаттама және ғылыми еңбектер алмасу.
- 1.8. Өзара қызығушылық туғызатын ақпараттар алмасу.
- 1.9. Концерттер, көрмелер, фестивальдар және басқа да мәдени іс-шаралар.

5-бап

1. Осы Келісімнің негізінде Тараптар екі жақты әскери ынтымақтастықтың жылдық жоспарын әзірлейді.

2. Тараптар ағымдағы жылдың 15 қазанына дейін екі жақты әскери ынтымақтастықтың жылдық жоспарының жобасына енгізу үшін ұсыныстар алмасады.

3. Екі жақты әскери ынтымақтастықтың жылдық жоспары іс-шаралардың атауын, оларды жүзеге асыру нысанын, өткізу мерзімі мен орнын, жауапты органдарды, адамдар санын және іс-шараларды ұйымдастырумен және өткізумен байланысты басқа да негізгі мәселелерді қамтиды.

4. Екі жақты әскери ынтымақтастықтың жылдық жоспарына жоспарды іске асыратын жылдың алдындағы жылдың 15 желтоқсанына дейін Тараптардың уәкілетті органдарының өкілдері қол қояды.

6-бап

1. Тараптар ынтымақтастық барысында алынған ақпараттың қорғалуын Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Тараптар ынтымақтастық барысында алынған ақпаратты осы ақпаратты ұсынған Тарапқа залал келтіруге пайдаланбауға міндеттенеді.

3. Тараптар ынтымақтастық барысында алынған ақпаратты осы ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа бермеуге міндеттенеді.

7-бап

1. Осы Келісімнің 4-бабының 1.1-1.6 және 1.9-тармақшаларында көрсетілген іс-шараларды жүргізген кезде:

жіберуші Тарап іссапар және қабылдаушы Тарап аумағында іс-шаралар өткізілетін жерге дейінгі көлік шығыстарын, сондай-ақ тұру бойынша шығыстарды көтереді; қабылдаушы Тарап іс-шараларға қатысушыларды көлікпен қамтамасыз ету және техникалық қамтамасыз ету жөніндегі шығыстарды өзіне қабылдайды.

2. Қабылдаушы Тарап жіберуші Тараптың персоналына шұғыл медициналық көмекті қамтамасыз етеді.

8-бап

Осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану бойынша даулар туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер және/немесе консультациялар жолымен шешеді.

9-бап

Осы Келісім Тараптар мемлекеттері қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

10-бап

Осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін және осы Келісімнің II-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

11-бап

1. Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады және егер бір-де бір Тарап тиісті бес жылдық мерзім аяқталғанға дейінгі алты айдан кешіктірмей оның күшін тоқтату ниеті туралы басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жібермесе, өздігінен келесі бес жылдық мерзімге ұзартылады.

Осы Келісім Тараптардың біреуі басқа Тараптың тиісті жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін өз күшін тоқтатады.

3. Осы Келісімнің қолданысын тоқтатуы оларға қатысты өзге уағдаластық әрекет еткеннен басқа жағдайларда, осы Келісімнің шеңберінде бұрын басталған басқа бағдарламалар мен жобалардың орындалуына әсер етпейді.

200__"__"_____ қаласында әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, бұл

ретте барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ